

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы" 2013 жылғы 29 наурыздағы № 1/294 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі N 3/794 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қазанда N 1007 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» 2013 жылғы 29 наурыздағы № 1/294 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 976 болып тіркелген, 2013 жылғы 14 мамырда «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:
қаулының кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2013 жылғы 8 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 1392 «Жер қатынастары, геодезия және картография саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мақсатында Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І : » .**

2. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Б. Сауранбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

Енгізуші:

	Алматы қаласы	Жер қатынастары
басқармасының басшысы	Қ. Қашқымбаев	

Келісілді:

	Алматы қаласы	әкімінің
орынбасары	Б. Сауранбаев	

	Мемлекеттік қызметтерді	көрсету
	сапасының сақталуын	бақылау

бөлімінің басшысы	М. Сүйіндіков
-------------------	---------------

	Алматы қаласы	әкімі	аппараты
заң бөлімінің басшысы	А. Қасымова		